

FTAXP 06.71.03
ЭОЖ 331.5.024.5
JEL M15

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-1-522-538>

АҚАНОВА Е.С.,*¹

докторант.

*e-mail: aakanovaa23@gmail.com

ORCID ID: 0009-0005-9105-9634

КАПЕНОВА А.З.,²

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

ORCID ID: 0000-0002-4425-7815

e-mail: a.kapenova@tau-edu.kz

УЗУН Й.У.,³

PhD, профессор.

ORCID ID: 0000-0002-6428-4167

e-mail: yuuzun@beu.edu.tr

МУТАЛИЕВА А.А.,⁴

PhD, доцент.

ORCID ID: 0000-0002-4268-9382

e-mail: Alua012@mail.ru

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²«Тұран – Астана» университеті,

Астана қ., Қазақстан

³Битлис Эрен университеті,

Битлис қ., Түркия

⁴Аймақтық инновациялық университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ШЫҒЫНДАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа

Бұл мақалада Қазақстан өнеркәсібіндегі еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігі кешенді түрде талданады. Еңбек өнімділігін бағалаудағы негізгі өлшемдер – өндірілген өнім көлемі, уақыт бірлігіндегі еңбек шығыны және бір өнім бірлігін өндіруге жұмсалатын шығындар қарастырылады. Зерттеу кәсіпорын, салалық және ұлттық деңгейлерде жүргізіліп, еңбек шығындарының құрылымы мен олардың өндірістік тиімділікке ықпалы ашып көрсетілді. Әсіресе цифрлық трансформацияның, яғни автоматтандырудың, IoT, ERP-жүйелердің, жасанды интеллект элементтерінің және кадрларды қайта даярлау тетіктерінің еңбек өнімділігін арттырудағы шешуші рөлі көрсетілді. Мақалада нақты қазақстандық кәсіпорындардың (мысалы, «Азия Авто», Қарағанды құю-машина жасау зауыты, ERG) тәжірибесі мысалға алынып, еңбек шығындарының өнімнің өзіндік құнына, жұмысшылардың еңбек өнімділігіне және саладағы жалпы өндірістік тиімділікке әсері сандық тұрғыда бағаланды. Сонымен бірге макродеңгейде Қазақстанның еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық индекстер (WIPO, OECD, IMF деректері) талданды. Жүргізілген корреляциялық және регрессиялық талдау нәтижелері цифрлық технологияларды енгізу еңбек өнімділігінің негізгі драйвері екенін дәлелдеді. Бұл Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін еңбек шығындарының тиімділігін жетілдірумен қатар, цифрлық инфрақұрылымды жүйелі дамыту қажеттігін айқындайды.

Тірек сөздер: еңбек өнімділігі, еңбек шығындары, тиімділік, нәтижелілік, өнеркәсіп, цифрлық трансформация, автоматтандыру, цифрлық технологиялар.

Кіріспе

Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңі өнеркәсіп саласына цифрлық технологиялардың белсенді енгізілуімен сипатталады. Ғаламдық бәсекелестік пен ресурстардың шектеулі

жағдайында еңбек өнімділігін арттыру мемлекет пен бизнес үшін стратегиялық басымдық болып отыр [1].

Қазақстанда еңбек өнімділігін арттыру мәселесі стратегиялық деңгейде қарастырылып отыр. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен 2020–2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы цифрландыруды ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтудің басты тетігі ретінде айқындайды. Цифрлық технологиялар еңбек процестерін оңтайландырып қана қоймай, еңбек шығындарының құрылымын өзгертіп, кәсіпорындар мен тұтас салалар деңгейінде тиімділікті арттыруға ықпал етеді [2].

Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңі еңбек өнімділігін арттырудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Әлемдік бәсекелестік жағдайында ұлттық экономиканың тұрақты дамуы мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуі еңбек шығындарының нәтижелілігіне тікелей байланысты. Еңбек өнімділігі – бұл еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігін сипаттайтын кешенді көрсеткіш, ол белгілі бір уақыт аралығында өндірілген өнім көлемімен немесе өнім бірлігін өндіруге жұмсалған еңбек шығындарымен өлшенеді [3].

Сонымен қатар, Қазақстан экономикасында еңбек өнімділігінің салыстырмалы түрде төмен болуы – шикізаттық бағыттың басымдығы, технологиялық артта қалушылық және өндірістің жеткіліксіз автоматтандырылуы сияқты факторлармен байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігін зерттеу, сондай-ақ олардың кәсіпорын, сала, өнеркәсіп және жалпыұлттық деңгейлердегі өзара байланысын айқындау – ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында Қазақстандағы өнеркәсіп кәсіпорындарындағы еңбек шығындары мен еңбек өнімділігін бағалау үшін ресми статистикалық деректер пайдаланылды. Ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, сондай-ақ IMF, OECD, WIPO халықаралық ұйымдарының деректері және салалық ведомстволардың статистикалық есептері қолданылды.

Зерттеудің қолданбалы бөлігінде нақты қазақстандық өнеркәсіп кәсіпорындарының тәжірибесі талданды. Атап айтқанда, машина жасау және тау-кен металлургия салалары бойынша «Азия Авто» АҚ, Қарағанды құю-машина жасау зауыты және Eurasian Resources Group (ERG) компанияларының деректері пайдаланылды. Бұл еңбек шығындарының құрылымын, автоматтандыру деңгейін және еңбек өнімділігінің динамикасын салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Әдістемелік тұрғыда зерттеуде ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы-салғастырмалы және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар еңбек өнімділігіне әсер ететін факторларды анықтау үшін корреляциялық және эконометриялық талдау жүргізілді. Эконометриялық талдау логикасы өндіріс көлемі мен еңбек шығындары, технологиялық даму және цифрландыру деңгейі арасындағы өзара байланысты сипаттайтын модельге негізделді.

Сандық әдістермен қатар сапалық талдау қолданылып, цифрлық технологияларды (автоматтандыру, ERP-жүйелер, IoT элементтері) енгізудің еңбек процестеріне ықпалы бағаланды. Қолданылған әдістер кешені Қазақстан өнеркәсібіндегі еңбек шығындарының тиімділігі мен цифрлық трансформацияның еңбек өнімділігіне әсерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Еңбек өнімділігі – бұл еңбек ресурстарының қаншалықты тиімді әрі нәтижелі пайдаланылатынын сипаттайтын негізгі экономикалық көрсеткіш. Ол екі құрамдас бөліктен тұрады: тиімділік және нәтижелілік.

Тиімділік – белгілі бір еңбек шығындарымен қанша өнім өндірілетінін көрсетеді. Мысалы, кәсіпорындағы бір жұмысшының бір сағатта немесе бір күнде қанша өнім шығаратынын есептеу болады.

Нәтижелілік – жұмсалған еңбек шығындарының экономикалық әсерін сипаттайды. Бұл жерде тек өндірілген өнімнің көлемі ғана емес, сонымен бірге оның сапасы, өзіндік құнының төмендеуі, өндірістегі ақаулардың азаюы және бос тұрып қалулардың қысқаруы да ескеріледі.

Еңбек өнімділігі = еңбек шығындарының тиімділігі + нәтижелілік

Осы тұрғыдан алғанда, еңбек өнімділігін өлшеудің екі негізгі әдісі қолданылады:

- ♦ белгілі бір уақыт бірлігінде өндірілген өнім көлемі арқылы;
- ♦ бір өнім бірлігін өндіруге немесе белгілі бір жұмысты орындауға кеткен еңбек шығындары арқылы.

Бұл тәсіл еңбек шығындарының құрылымын анықтап қана қоймай, олардың кәсіпорын, сала және ұлттық экономика деңгейінде қаншалықты тиімді жұмсалып жатқанын бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп


Жалпы бюджет көлемі	
2025 жылға арналған жиынтық қаржыландыру жоспары	225,1 млрд тг
Соның ішінде ағымдағы бағдарламаларға	150,6 млрд тг
даму бағдарламаларына	74,6 млрд тг
Атқарылу деңгейі	
Жалпы атқарылу	79,2 %.
Ағымдағы бағдарламаларда	79,7 %
даму бағдарламаларында	78,2 %.
Негізгі бағыттар бойынша қаржыландыру	
«Электрондық үкімет», инфокоммуникациялық инфрақұрылым және киберқауіпсіздік	107,4 млрд тг
Ғарыш инфрақұрылымы («Бәйтерек», «KazEOSat-MR» спутниктік жобасы)	70,1 млрд тг
Инновациялық экожүйе («Астана Хаб»)	3,5 млрд тг, бірақ игеру деңгейі тек 61,6 %.
Ауылдағы байланыс операторларын субсидиялау	9,9 млрд тг (тек 50 % игерілген)
Ескертпе: Авторлармен [4] дереккөз негізінде құрастырылған.	

Кестеде 2025 жылға арналған бюджеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижелері көрсетілген. Жиынтық қаржыландыру көлемі 225,1 млрд теңгені құрайды, оның ішінде ағымдағы бағдарламаларға 150,6 млрд тг, даму бағдарламаларына 74,6 млрд тг бөлінген. Бюджет қаражатының жалпы атқарылу деңгейі 79,2%, ағымдағы бағдарламалар бойынша 79,7%, ал даму бағдарламалары бойынша 78,2% деңгейінде қалыптасты.

Негізгі қаржыландыру «Электрондық үкімет», инфокоммуникациялық инфрақұрылым және киберқауіпсіздік бағыттарына бағыттталып, оның көлемі 107,4 млрд теңгені құрады. Ғарыш инфрақұрылымын дамытуға («Бәйтерек», «KazEOSat-MR») 70,1 млрд тг бөлінсе, инновациялық экожүйеге («Астана Хаб») 3,5 млрд тг, ал ауылдық байланыс операторларын субсидиялауға 9,9 млрд тг қарастырылған. Бұл ретте инновациялық экожүйе бойынша игеру деңгейі 61,6%, ауылдық байланыс саласында 50% ғана орындалған. Бұл көрсеткіштер цифрлық трансформация мен инновациялық инфрақұрылымға бөлінген қаражаттың басым бөлігінің игерілгенін көрсетсе де, инновациялық жобалар мен ауылдық байланыс саласында атқарылу деңгейінің төмен болуы өзекті мәселе ретінде байқалады.


Суретте Қазақстандағы цифрландыруға (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс саласына) бағытталған инвестициялардың жылдық өзгеру тенденциясы бейнеленген. 2023 ж. тіркелген рекордтық деңгей 438,4 млрд тг – Industry 4.0 элементтерін енгізу жобаларының белсенді жүзеге асуымен, мемлекеттік қолдау шараларының күшеюімен (соның ішінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясындағы қаржыландыру, өңдеу өнеркәсібі мен тау-кен секторындағы цифрлық инфрақұрылым жобаларының кеңеюі, сондай-ақ шетелдік технологиялық компаниялардың қатысуының артуы) түсіндіріледі. Бұл инвестициялық сер-

піліс өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбек шығындарының тиімділігін едәуір арттыруға, еңбек өнімділігінің тұрақты өсуіне және өндірістік процестердің өзіндік құнындағы еңбек үлесінің төмендеуіне маңызды серпін берген негізгі факторлардың бірі болып табылады, өйткені автоматтандыру, IoT, ERP жүйелері мен жасанды интеллект элементтерінің енгізілуі еңбек ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.



Сурет 1 – Цифрландыруға салынған инвестициялар көлемі Қазақстан бойынша соңғы 10 жылдағы көрсеткіштер (млрд тт)


Ескертпе: Авторлармен [4] дереккөз негізінде құрастырылған.



Сурет 2 – Цифрландыру саласындағы жобаларды іске асырудағы қиындықтар

Ескертпе: Авторлармен [5] дереккөз негізінде құрастырылған.

2025 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне бөлінген қаржының жалпы көлемі 225,1 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 79,2 %-ы ғана игерілген. Бұл көрсеткіш жоспарланған деңгейден төмен екенін байқатады және цифрландыру саласындағы жобаларды іске асыруда бірқатар қиындықтардың барын айқындайды. Қаржыландырудың негізгі бөлігі электрондық үкімет, Инфокоммуникациялық инфрақұрылым және киберқауіпсіздікке бағытталса да (107,4 млрд тт), ауылдық жерлерде байланыс қызметін субсидиялау (50%) мен инновациялық экожүйелерді дамытуға (61,6%) бөлінген қаражаттың толық орындалмауы еңбек өнімділігін арттыруға кедергі келтіруде. Сондай-ақ ғарыш саласындағы жобаларда да (KazEOSat-MR) қаражат игеру деңгейінің төмендігі байқалды (54,9%).



Сурет 3 – Қазақстан өнеркәсіп салалары бойынша еңбек өнімділігінің өсуі және цифрландыру деңгейін салыстыру

Ескертпе: Авторлармен [6] дереккөз негізінде құрастырылған.

Диаграмма Қазақстанның негізгі өнеркәсіп салаларын салыстырып көрсетеді, еңбек өнімділігінің өсуі (%) және цифрландыру деңгейі (%) бойынша. Ең жоғары көрсеткіштер электроника және машина жасау салаларында байқалады: бұл салаларда цифрлық технологияларды енгізу белсенді жүріп, еңбек өнімділігін арттыру шаралары тиімді жүзеге асырылуда. Metallургия және мұнай-газ салалары орташа өнімділік пен цифрландыру деңгейіне ие, бұл ірі өндіріс көлеміне қарамастан, автоматтандыру мен IT-технологиялардың салыстырмалы баяу енгізілуін көрсетеді. Химия, жеңіл өнеркәсіп және тау-кен өнеркәсібі төмен көрсеткіштерге ие, бұл салаларды цифрландыру мен автоматтандыруға қосымша инвестициялар қажет екенін білдіреді. Бұл сипаттама оқырманға салааралық салыстырмалы бағалауды беріп, қай салалар өнімділік пен цифрлық технологияны ең белсенді қолданатынын, қай салаларда дамуды жеделдету қажет екенін нақты көрсетеді.

Жалпы алғанда, есеп көрсеткендей, Қазақстанда цифрлық трансформацияны қолдауға айтарлықтай қаражат бөлінгенімен, оның толық және тиімді игерілмеуі еңбек шығындарының нәтижелілігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан алдағы уақытта қаржының мақсатты әрі толық игерілуін қамтамасыз ету, ауылдық инфрақұрылымды дамыту және инновациялық жобаларды жүйелі түрде қолдау Қазақстан экономикасының цифрландыру арқылы еңбек өнімділігін арттыруына негіз болмақ [5]. Қазақстан өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі тарихи тұрғыдан дамыған елдердің көрсеткіштерінен төмен. Бұған шикізаттық салалардың басымдығы, технологиялық артта қалушылық және өндірістің төмен автоматтандырылғандығы әсер етті [6].

Кесте 2 – Еңбек шығындарының деңгейлер бойынша сипаттамасы

Деңгей	Негізгі көрсеткіштер	Түсіндірме / Мысал
1) Кәсіпорын деңгейінде	- жұмыс уақытының ұзақтығы - еңбекақы қоры - бір қызметкердің өнім шығаруы	Зауыттағы бір жұмысшының айына өндірген өнім көлемі немесе цехтағы еңбек шығындарының өнімнің өзіндік құнына үлесі арқылы есептеледі.
2) Сала деңгейінде	- салада жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны - орташа еңбек өнімділігі - өнімнің өзіндік құнындағы еңбек шығындарының үлесі	Цифрландыру қайталанатын операцияларды автоматтандырып, жұмысшыларды жоғары білікті сегменттерге қайта бөлуге мүмкіндік береді.
3) Ұлттық экономика деңгейінде	- жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) еңбек шығындарына арақатынасы - халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі - еңбекке ақы төлеудің тиімділігі	Цифрлық трансформация еңбек шығындарын азайтып, ЖІӨ құрылымында еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді.
Ескертпе: Авторлармен [6] дереккөз негізінде құрастырылған.		

1) Кәсіпорын деңгейінде

Кәсіпорындардағы еңбек шығындары жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбекақы қоры және бір қызметкердің өнім шығару көлемі арқылы бағаланады.

Мысалы, «Азия Авто» АҚ өндірісті жаңғырту нәтижесінде еңбек өнімділігін 5 есеге жуық арттыра алған [7]. Бұл кәсіпорын деңгейінде цифрландырудың еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға қалай ықпал ететінін көрсетеді.

Кәсіпорын деңгейінде еңбек шығындары мен өнімділіктің өзара байланысы нақты көрсеткіштер арқылы бағаланады: жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбекақы қоры және бір қызметкердің өнім шығаруы. Бұл көрсеткіштерді есептеу үшін зауыттағы жұмысшының айына өндірген өнім көлемі немесе цехтағы еңбек шығындарының өнімнің өзіндік құнына үлесі қолданылады.

Мысалы, ірі машина жасау кәсіпорындарында жұмыс уақытының орташа ұзақтығы апта сайын 40 сағатты құрайды. Еңбекақы қоры кәсіпорынның жалпы шығындарының 18–22%-ын қамтиды, ал бұл еңбек шығындарының өнімнің өзіндік құнын қалыптастырудағы маңызды үлесін көрсетеді. Орта есеппен алғанда, бір қызметкер айына шамамен 3–4 млн теңгенің өнімін шығарады.

Цифрлық технологияларды енгізу бұл деңгейде шешуші рөл атқарады: өндіріс процестерін автоматтандыру жұмыс уақытының тиімділігін арттырады, еңбекақы қорындағы «өлі шығындарды» азайтады және әр қызметкердің өнім шығарудағы үлесін ұлғайтады. Нәтижесінде кәсіпорындар еңбек шығындарының өнімнің өзіндік құнындағы үлесін төмендетіп, нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Кесте 3 – Қарағанды құю-машина жасау зауыты (ҚҚМЗ) мысалы

Жұмысшылар саны	700
Зауытты жаңғырту жобасы аясында өнім шығару көлемі екі жылдың ішінде	3,1 млрд теңгеден 6,6 млрд теңгеге дейін өскен
Өнеркәсіп өнімдері (2025 жылғы қаңтар-шілде)	34 204,1 млрд теңгеге өндірілді.
Өңдеу өнеркәсібінің үлесі, өсімі	Өңдеу өнеркәсібі 6,1%-ға өсті; өндіріс көлемі 16 трлн теңгеден астам
Өнеркәсіптік өндіріс индексі	Жалпы – 106,9 % (өсу); тау-кен өндіру саласы 108,5 %; өңдеу өнеркәсібі 106,1%
Ескертпе: Авторлармен [8, 9] дереккөздер негізінде құрастырылған.	

700 адам – зауыттағы еңбек ресурстарының көлемі.

Өнім өсімінің деректері (3,1 млрд → 6,6 млрд тг) / уақыт өте өнім шығарудағы үлес – еңбек өнімділігінің жақсаруын көрсету үшін.

Жаңғырту + сандық басқару жүйелерін енгізу – еңбек шығындарын төмендетуге және қызметкердің өнімін арттыруға ықпал еткен құрал ретінде.

Қарағанды құю-машина жасау зауыты (ҚҚМЗ) мысалында:

- ◆ өндіріс көлемі бірнеше жылда екі есеге жуық өсті;
- ◆ еңбек өнімділігі 37 %-ға артты;
- ◆ жалақы қоры да едәуір ұлғайды.

2) Сала деңгейінде

Саладағы еңбек өнімділігі жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны, орташа өнімділік және өнімнің өзіндік құнындағы еңбек шығындарының үлесі арқылы анықталады.

Мысалы, Eurasian Resources Group (ERG) тау-кен секторында автономды жүк машиналарын енгізіп, бір оператор бірнеше машинаны қадағалау мүмкіндігіне қол жеткізді. Бұл салада еңбек шығындарын қысқартумен қатар, еңбек ресурстарын жоғары біліктілікті қажет ететін учаскелерге қайта бөлуге жағдай жасады [10].

Кесте 4 – Қазақстандағы машина жасау саласының еңбек көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәлімет
Салада жұмыспен қамтылғандар саны	118 мың адам
Өндіріс көлемі	4,6 трлн тг
Нақты көлем индексі (жылдық өсім)	109,7 %
Нақты көлем индексі (6 ай ішінде)	128,8 %
Орташа еңбек өнімділігі (шартты түрде: өндіріс көлемі / жұмыспен қамтылғандар) шамамен 39 млн тг /адам	
Өнімнің өзіндік құнындағы еңбек шығындарының үлесі	≈ 20 % (бағалау)
Негізгі сегмент үлесі (автокөлік құрастыру)	41 %
Ескертпе: Авторлармен [11] дереккөз негізінде құрастырылған.	


Кестеде 2024 жылғы Қазақстанның машина жасау саласының негізгі өндірістік және еңбек көрсеткіштері ұсынылған. Салада 118 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл оның өңдеу өнеркәсібіндегі ірі жұмыс беруші салалардың бірі екенін көрсетеді. Өндіріс көлемі 4,6 трлн теңгені құрап, жылдық нақты көлем индексі 109,7%, ал алты ай ішіндегі өсім көрсеткіші 128,8 % деңгейінде қалыптасты.

Еңбек өнімділігі шартты түрде есептелгенде бір жұмыскерге шамамен 39 млн теңгені құрайды, ал өнімнің өзіндік құнындағы еңбек шығындарының үлесі шамамен 20% деп бағаланады. Саланың құрылымында автокөлік құрастыру сегменті жетекші орын алып, оның үлесі 41 %-ды құрайды. Бұл деректер машина жасау саласында өндіріс көлемінің өсуімен қатар еңбек өнімділігінің де артып келе жатқанын көрсетеді.

Өндіріс көлемінің 4,6 трлн теңгеге жетуі және нақты көлем индексінің 109,7% болуы машина жасау саласының экономикалық белсенділігінің артқанын көрсетеді. Бір жұмыскерге шаққандағы орташа еңбек өнімділігі шамамен 39 млн теңгені құрап, еңбек шығындарының өнімнің өзіндік құнындағы үлесі 20 % деңгейінде қалыптасты. Саланың құрылымында автокөлік құрастыру сегментінің 41 % үлеске ие болуы өндірістің шоғырлану ерекшелігін және технологиялық жаңғыртудың маңызын айқындайды.

Орташа еңбек өнімділігін шартты түрде есептегенде, бір жұмыскердің үлесіне шамамен 39 млн тг өнім тиесілі екені анықталды. Бұл көрсеткіш саладағы цифрландыру мен автоматтандыру үдерістерін күшейту арқылы одан әрі өсу әлеуетін көрсетеді. Өнімнің өзіндік құнындағы еңбек шығындарының үлесі шамамен 20% деп бағалануда, бұл еңбек ресурстарын тиімді пайдалану қажеттілігін айқындайды.

Сала құрылымында автокөлік құрастыру сегменті ерекше орын алады, оның үлесі жалпы өндірістің шамамен 41%-ын құрайды. Бұл бағытта цифрлық технологияларды енгізу қайталанатын операцияларды автоматтандыруға және жұмыс күшін жоғары білікті сегменттерге қайта бөлуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде еңбек шығындары оңтайланып, өнімділік артып, сала бәсекеге қабілетті бола түседі. [11]



Сурет 4 – Машина жасау саласы 2024 ж., млрд тг

Ескертпе: Авторлармен [11] дереккөз негізінде құрастырылған.

3) Ұлттық экономика деңгейінде

Ұлттық деңгейде еңбек өнімділігі ЖІӨ-нің еңбек шығындарына арақатынасы, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі және еңбекке ақы төлеудің тиімділігі арқылы есептеледі.

Мысалы, Қазақстандағы еңбек өнімділігі соңғы жылдары цифрлық технологияларды енгізудің арқасында өсіп келеді. «БИПТЭК АВТО – АЗИЯ АВТО» компаниясының «ақылды өндіріс» жүйесін енгізуі бір қызметкерге шаққандағы еңбек өнімділігін \$106 мыңға дейін арттырған. Мұндай тәжірибелер ұлттық деңгейде еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігінің артуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, цифрлық трансформацияның маңыздылығы артуда – OECD-тің 2023 жылғы есебі елдегі цифрлық инфрақұрылым мен заңнамалық базада әлі де кемшіліктер бар екенін көрсетеді [12].

2024 жылғы Global Innovation Index (WIPO) деректеріне сәйкес, Қазақстан 133 елдің ішінде 78-орында орналасқан. Елдің жалпы рейтингі соңғы бес жылда айтарлықтай өзгермеген: 2020 ж. – 77-орын, 2021 ж. – 79-орын, 2022 ж. – 83-орын, 2023 ж. – 81-орын болса, 2024 ж. қайтадан 78-орынға көтерілген. Бұл көрсеткіш Қазақстанның инновациялық дамуында баяу, бірақ тұрақты ілгерілеуді білдіреді.

Кесте 5 – Global Innovation Index (WIPO) деректері

Жыл	ГПИ позициясы	Инновациялық кірістер	Инновациялық нәтижелер
2020	77-ші	60-шы	94-ші
2021	79-шы	61-ші	101-ші
2022	83-ші	65-ші	97-ші
2023	81-ші	68-ші	87-ші
2024	78-ші	72-ші	83-ші

Ескертпе: Авторлармен [4] дереккөз негізінде құрастырылған.

Елдің инновациялық енгізулер индексі (inputs) бойынша рейтингі – 72-орын, ал инновациялық нәтижелер индексі (outputs) бойынша – 83-орын. Бұл инвестициялар мен инфрақұрылым жеткілікті дамығанымен, олар толыққанды экономикалық нәтижелерге айналмай отырғанын көрсетеді.

Жеті негізгі өлшем бойынша Қазақстанның жағдайы мынадай: адами капитал және зерттеу – 65-орын, бизнес sophistication – 66-орын, инфрақұрылым – 68-орын, институттар – 76-орын, креативті нәтижелер – 83-орын, білім және технология нәтижелері – 85-орын, нарық sophistication – 86-орын. Демек, күшті жақтары – адами капитал мен инфрақұрылым, ал әлсіз тұстары – инновациялық нәтижелер мен нарық тиімділігі.

Қазақстанның айқын күшті көрсеткіштерінің бірі – цифрлық мемлекеттік қызметтер: Government’s online service бойынша ел әлемде 8-орын, ал E-participation бойынша – 15-орын иеленіп отыр. Сондай-ақ, утилити-модельдер бойынша (пайдалы модельдерге өтінімдер/ЖІӨ)

Қазақстан 10-орында. Бұл цифрлық инфрақұрылым мен онлайн қызметтердің айтарлықтай дамығанын айғақтайды.

Кесте 6 – Ғылым және инновациялық инвестиция

Ғылыми басылымдар	ҒЗТҚЖ инвестициялар	Венчурлық капитал	Халықаралық патенттік өтінімдер
↑0,2% 2022–2023 жж.	↓-5,1% 2021–2022 жж.	↑75% 2022–2023 жж.	↓-8% 2022–2023 жж.
↑15% 2013–2023 жж.	↓-0,3% 2012–2022 жж.	–	↑2,5% 2013–2023 жж.
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.			

Алайда инновациялық нәтижелер әлдеқайда төмен: білім және технология нәтижелері бойынша Қазақстан тек 85-орында, креативті өнімдер бойынша – 83-орында. ҒЗТҚЖ шығындары 2021–2022 жж. 5,1%-ға төмендеген, ал халықаралық патенттік өтінімдер саны 2022–2023 жж. 8%-ға қысқарған. Сонымен қатар, венчурлік капитал мәмілелері 2022–2023 ж. 75%-ға артқан, бірақ бұл әлі де жүйелі инновациялық экожүйе құруға жеткіліксіз.

Кесте 7 – Әлеуметтік-экономикалық әсер

Еңбек өнімділігі	Өмір сүру ұзақтығы	Температураның өзгеруі
↑3,5% 2022–2023 жж.	↑6% 2021–2022 жж.	2,6 С 2023 ж.
↑2,5% 2013–2023 жж.	↑0,7% 2012–2022 жж.	–
71 996 АҚШ доллары 2023 ж.	74,4 2022 ж.	–
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Экономикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстанда еңбек өнімділігі 2022–2023 жж. 3,5%-ға өсті, ал жан басына шаққандағы ЖІӨ (PPP) 71 996 АҚШ доллары болды. Бұл еңбек өнімділігінің өсуі бар, бірақ инновациялық нәтижелердің төмендігі елдің цифрлық әлеуетін толық жүзеге асырмай отырғанын көрсетеді.

Осылайша, Қазақстанның инновациялық дамуындағы басты қайшылық – цифрлық инфрақұрылым мен мемлекеттік қызметтердің жоғары деңгейі және өнеркәсіпте нақты инновациялық нәтижелердің төмендігі. Бұл еңбек шығындары мен өнімділіктің өзара байланысын қарастырғанда маңызды: цифрлық технологияларды тиімді енгізу арқылы Қазақстан еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыра алады [13].

Жоғарыда келтірілген деректер Қазақстандағы инновациялық жүйенің басты ерекшелігін айқындайды: елде цифрлық инфрақұрылым мен мемлекеттік онлайн қызметтер халықаралық деңгейде алдыңғы қатарда болғанымен, олардың нақты экономикалық нәтижеге айналуы баяу жүруде. Инновациялық енгізулер мен шығындар өсіп отырғанымен, олар еңбек өнімділігі мен ЖІӨ құрылымында жеткілікті тиімділікті қамтамасыз ете алмайды.

Сондықтан цифрлық трансформацияның әлеуетін өнеркәсіп саласында еңбек шығындарын оңтайландыруға және еңбек өнімділігін арттыруға бағыттау өзекті болып табылады. Бұл Қазақстанға инновациялық саясаттағы қайшылықты еңсеруге, яғни «жоғары цифрлық дайындық – төмен нәтиже» дилеммасын шешуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде еңбекке жұмсалатын ресурстар тиімдірек пайдаланылып, жалақы жүйесі мен жұмыспен қамту сапасы жақсарады.

Еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігі

Кәсіпорын деңгейінде: жұмыс уақыты, еңбек ақы қоры, бір қызметкерге шаққандағы өнім шығару көлемі. Тиімділік – ресурстармен өнім шығарудың көлемі; нәтижелілік – экономикалық әсер (өнімнің өзіндік құнының төмендеуі, сапаның артуы, ақау мен тоқтап қалудың азаюы) [14].

Сала деңгейінде: өнеркәсіпке тартылғандардың саны, орташа еңбек өнімділігі, өнімнің өзіндік құнындағы еңбек шығындарының үлесі. Цифрландыру кадрларды аз қол еңбектен босатып, жоғары білімді жұмыстарға бағыттауға көмектеседі, бұл жалпы өнімділікті арттырады [15].

Цифрландырудың еңбек шығындарына әсері: өндірісті автоматтандыру, IoT, ERP платформалары мен ұтымды талдау, цифрлық оқыту жүйелері көрініс табады [16].

1. Негізгі өлшемдер

Еңбек өнімділігін екі негізгі тәсілмен өлшеуге болады:

Өнім көлемі / Жұмыс уақыты

$$P = \frac{Q}{T}$$

мұндағы:

C_i – бірлік өнімге жұмсалатын еңбек шығындары.

Бұл көрсеткіш еңбек шығындарының нәтижелілігін сипаттайды: бір өнім бірлігін өндіруге қанша уақыт жұмсалатынын есептеуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорын деңгейінде

Кәсіпорындарда еңбек шығындары – жұмыс уақытының ұзақтығы, еңбекақы қоры және бір қызметкердің өнім шығаруы арқылы бағаланады. Мысалы, «Азия Авто» АҚ-ның өндірісті жаңғырту нәтижесінде өнім көлемі 3,1 млрд теңгеден 6,6 млрд теңгеге өсті. Егер зауыттағы жұмысшылар саны 700 адам болса, онда бір қызметкердің өнім шығаруы:

$$P = \frac{6,6 \text{ млрд тг}}{700} \approx 9,4 \text{ млн тг/адам}$$

Бұл бастапқы кезеңдегі шамамен

$$P_{\text{ұлт}} = \frac{3,1}{700} \approx 4,4 \text{ млн тг/адам}$$

мен салыстырғанда екі еседен астам өсім. Осылайша, цифрландыру мен автоматтандыру еңбек шығындарын оңтайландырып, еңбек өнімділігін арттырғанын сандық түрде көруге болады.

Сала деңгейінде

Машина жасау саласында 118 мың адам жұмыспен қамтылған, өндіріс көлемі 4,6 трлн тг. Орташа еңбек өнімділігі:

$$P = \frac{4,6 \text{ трлн тг}}{118000} \approx 39 \text{ млн тг/адам}$$

Бұл көрсеткіш саладағы еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін сипаттайды. Цифрландыру қайталанатын операцияларды автоматтандырып, жұмысшыларды жоғары білікті учаскелерге қайта бөлу арқылы өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық деңгейде

Еңбек өнімділігі ЖІӨ мен жалпы еңбек шығындарының арақатынасы арқылы есептеледі:

$$P_{\text{ұлт}} = \frac{\text{ЖІӨ}}{\text{Тұлт}}$$

Цифрлық трансформация нәтижесінде Қазақстанда бір қызметкерге шаққандағы еңбек өнімділігі 106 мың АҚШ долларына дейін өскені байқалды. Бұл ұлттық деңгейде еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігінің артуын көрсетеді.

Еңбек шығындарының тиімділігі мен нәтижелілігі – тек жұмыс уақытының ұзақтығын емес, сонымен бірге еңбек ақы қорының құрылымын, өнімнің өзіндік құнындағы еңбек үлесін, цифрландыру мен автоматтандырудың әсерін қамтитын кешенді көрсеткіш. Кәсіпорын, сала және ұлттық деңгейдегі талдау еңбек шығындарының құрылымын ашып көрсетіп, еңбек өнімділігінің артуындағы негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Кесте 8 – Сипаттамалық статистика (Descriptive Statistics)

Айнымалы	N	Орташа (Mean)	Мин.	Макс.	Std. Dev.
Өнім көлемі (Q, млрд тг)	5	5,1	3,1	6,6	1,2
Жұмысшылар саны (L, адам)	5	700	650	720	25,0
Бір қызметкердің өнім шығаруы (Q/L, млн тг/адам)	5	7,3	4,4	9,4	2,0
Цифрландыру деңгейі (D, шкала 0–1)	5	0,6	0,3	0,9	0,2

Ескертпе: Авторлармен [14], [15], [16] дереккөздер негізінде құрастырылған.

Орташа алғанда бір қызметкердің өнім шығаруы 7,3 млн тг/адамды құрайды. Бұл кәсіпорындарда цифрландыру деңгейі жоғарылаған сайын еңбек өнімділігінің айтарлықтай өсетінін көрсетеді.

Кесте 9 – Корреляциялық матрица (Correlation Matrix, Pearson's r)

Айнымалылар	Q	L	Q/L	D
Өнім көлемі (Q)	1	0,62*	0,71**	0,81**
